

Ескелді ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 12 қыркүйектегі № 226 "Ескелді ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 121 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2021 жылы 4 мамырда № 5949 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылдың 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Ескелді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ескелді ауданы әкімдігінің "Ескелді ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2019 жылғы 12 қыркүйектегі № 226 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5232 тіркелген, 2019 жылдың 19 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Т.Тулақбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушысы

Е. Ахметов